



«ШЫН МӘНІНДЕ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ 50-60 ПАЙЫЗДЫ ҚҰРАП ОТЫР»

Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, 2024 жылғы 1 желтоқсанда Қазақстан халқының саны 20 265 320 адамға жетті. Қала тұрғындарының саны 253 мыңға артып, 12,75 миллионға жетсе, ауыл халқы 3 мың адамға азайып, 7,514 миллионды құрады. Ерлер саны 9 901 542, ал әйелдер саны 10 363 778 адамды құрады. Халықтың табиғи өсімі 217,1 мың адамға жетті. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің болжамы бойынша, 2030 жылы қала халқының саны 14 миллионға, ал 2050 жылы 20 миллионға жетуі мүмкін. Жалпы, халық саны 2050 жылы 26,5 миллионға дейін өсуі ықтимал. Осы демографиялық өзгерістер мен қала мен ауыл арасындағы әлеуметтік айырмашылықтар туралы тарих ғылымдарының докторы, профессор Аманжол Қалышпен сұхбаттастық.

– Қазақстандағы халық санының өсуіне қандай негізгі факторлар әсер етуде? Табиғи өсім мен көші-қонның демографиялық саясаттағы рөлі қандай?

– Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін елімізде қиын жағдай қалыптасты. Өндірістер жабылып, совхоздар мен колхоздар тарайды, халықтың тұрмысы нашарлады. Депопуляция процесі жүріп, кейбір этностар тарихи отандарына көшті, халық саны 25-30 пайызға дейін азайды. Жастар мен білікті мамандар елден кетті. Дегенмен осы кезеңде 1,5 миллионнан астам қазақ тарихи отанына оралды. Менің ойымша, бейресми келгендерді қосқанда, бұл сан 2 миллионға жуық. Мен Моңғолия, Ауғанстан, Қытай және Орталық Азия қазақтарын зерттедім, бірнеше кітап жаздым. Алғашқы көш 90-жылдары Моңғолиядан басталды. Баян-Өлгий, Ховд аймақтарынан, Улан-Батыр маңынан Шығыс Қазақстан мен Жетісу өңірлеріне көп қазақ қоныс аударды. Олардың шамамен 30 пайызы қайта оралса, қалғандары жаңа ортаға бейімделіп, кеткен халықтың орнын толтырды.

– Ұлттық статистика бюросы таратқан ақпаратқа сәйкес, қазір ауыл халқы 3 мың адамға азайып, ауылда 7,514 миллион адам қалды. Сіздің ойыңызша, ауыл халқының азаюы қандай әлеуметтік және экономикалық мәселелер туындатуы мүмкін?

(Жалғасы 5-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ӨНДІРІС САЛАСЫНДАҒЫ АПАТ ҚАШАН АЗАЯДЫ?



«Қазақмыс» кәсіпорындарында жиілеткен жазатайым оқиғалар өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелеріне тиісті деңгейде көңіл бөлмеудің бірден-бір салдары екені анық.

(Жалғасы 3-бетте)

АЛТЫН КӨПІР

Naгhoz университеті құқық және мемлекеттік басқару мектебі студенттеріне Сенат төрағасының орынбасары Жақып Асанов дәріс оқыды. Жастардың саяси мәдениеті мен құқықтық, философиялық көзқарастарын қалыптастыруға ықпал еткен дәрістің берері мол.

СЕНАТОР ДӘРІСІ

«Әлем қарқынды өзгеруде және мемлекеттік басқару бұл өзгерістерге сәйкес келіп қана қоймай, олардан озық болуы қажет», – дейді спикер. Ол заң саласындағы ең алғаш тәжірибесінен бастап, толысқан, орныққан кемел жасқа дейінгі кәсіби портфолиосын білім, білік және дағды атты ұштағанға тоғыстыра келе, осы қасиеттердің бәрі ізгілік пен адамгершілік, әділет таразысынан елеп, екшеп, пайымдап барып шешім шығаруда деп атады.

Дәріске тиек болған тезис – жас адамның өмірлік мақсаты мен болашақ қызмет траекториясын саналы түрде саралап, талғап, өзінің мүмкіндіктері мен қарым-қабілетін бағыттау. Бұл тұрғыда, салықалы да сарабдал заңгер нағыз көшбасшы – тек процесті және адамдарды басқаратын адам ғана емес, ең

алдымен, өзін-өзі басқарып, болашақты құра алатын тұлға деп таниды.

Дәрісті тыңдаған болашақ заңгер, саясаткер, дипломат мамандары рухтанып, дәріскердің сұрақтарына жарыса жауап беріп, өздерін қызықтырған сұрақтарды қойып, кездесу интерактивті қалыпта өрбіді.

Жүздесуге қатысқан студенттің бірі Индира Хасанова дәрістің өте пайдалы, ақпаратқа толы және қызықты болғанын атып өтті. Спикердің күрделі жағдайларды қарапайым түсіндіріп, оны күнделікті өмірдің бір бөлігі ретінде айтуы ұнаған. «Бізге ұсынған үш қағида соншалықты қиын емес, бірақ оған төзім, білім және ізденіс керек. Мәселен, жаңа істі бастағанда тек ең маңыздысына фокус қою. Өз ортаңнан кәсібін адал игерген мамандарды



қолдап, командалық жұмыстарға жұмылдыра білу. Сондай-ақ озат құралдар мен технологияларды үйрену және тиімді пайдалана алу. Бұл ойлар менің оқу мен жұмысқа деген көзқарасымды өзгертті» – дейді Индира Хасанова.

Жақып Асановтың дәрісі студенттерге, оқытушы, профессорларға құқықтық жүйе,

басқару және реформалар туралы терең түсінік беріп, олардың болашақ кәсіби дамуына құнды үлес қосты.

Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА,
Naгhoz университетінің
профессоры

3-бет



Тиктоктың тәрбиеге салқыны көп

4-бет



Қарттардың қаржысына қамқорлықпен қарайық!

8-бет



Қатыгез келіншек



МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ ЗАҢЫНДАҒЫ ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII заңына Мемлекет басшысының қол қойғаны белгілі. Қоғам үшін маңызды бұл құжат 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енді. Бұл заңның қоғам үшін орны ерекше. Өзгерістердің негізгі мәні сатып алу процесін оңтайландыруға, қадамдарды барынша жеңілдетуге бағытталған. Мемлекеттік сатып алуларға қатысты даулар экономикалық соттарда қаралатындықтан, заңдағы өзгерістерді көпшілікке таныстырып, негізгі артықшылықтардан жан-жақты хабардар ету өзекті.

Жаңа заңға байланысты өте қызу пікірталастар орын алды. Осының өзі құжаттың ел үшін қаншалықты маңызды екенін аңғартса керек. Қолданысқа енгеніне бір айдан аса уақыт өткен «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңда бұған дейінгі тәжірибеде өзін-өзі ақтаған оң жетістіктердің барлығы сақталған. Ал азаматтардың көңілінен шықпаған ұзақ мерзім, сапаға қатысты шағымдар мейлінше ескеріле отырып, сатып алу рәсімдерін толығымен жеңілдету, мерзімдерді барынша қысқарту, нәтижелерге шағымдану жүйесін қайта қарау, жаңа институттарды, соның ішінде қоғамдық мониторинг институты, келісімшарттар және оффтейк-келісімшарттар институттарын іске қосуға маңыз берілген.

Жаңа заңның құрамында да айтарлықтай өзгеріс бар. Мәселен, заңның ескі редакциясында 52 бап болса, жаңа заң 29 баптан тұрады. Яғни, құжатта мемлекеттік сатып алу процесіне қатысты басы артық қағидалар алынып, тек негізгі аспектілер ғана жинақталған. Сонымен бірге, сатып алу процесін толық автоматтандыруға және барлық қатысушылар үшін ашықтықты қамтамасыз етуге басымдық берілгенін бағамдауға болады. Осындай жаңа тетіктің арқасында кез келген

азаматтың сатып алудың барлық кезеңдерін қадағалауына мүмкіндік тұды.

Заңның 23-бабында мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың сақталуын бақылау реті дәйектелген. Соған сай бақылауды уәкілетті орган «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңына және «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» заңына сәйкес жүзеге асырады. Уәкілетті орган әлеуетті өнім беруші, конкурсқа не аукци-



Зауре ЖАРЫЛҚАСЫНОВА,
Қызылорда облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

Бақылау іс-шарасы барысында бақылау объектісінің заң талаптарын бұзғаны анықталса, алдымен анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама, хабарлама жібереді. Сонымен қатар, заңнама талабын бұза отырып жасалған, күшіне енген шарттарды жарамсыз деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінеді.

онға қатысушы тапсырыс берушінің ұйымдастырушының әрекетіне, шешіміне шағым жасап жазбаша жолданым бергенде, құқық қорғау органдарының қаулылары түскенде бақылауды жүзеге асырады. Ал осы бақылау іс-шарасы барысында бақылау объектісінің заң талаптарын бұзғаны анықталса, алдымен анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама, хабарлама жібереді. Сонымен қатар, заңнама талабын бұза отырып жасалған, күші-

не енген шарттарды жарамсыз деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінеді. Егер бақылау объектісінің құрамында қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар әрекет жасау фактісі анықталса, бес жұмыс күні ішінде аталған әрекеттің жасалғаны туралы ақпаратты және осындай фактіні растайтын құжаттарды құқық қорғау органдарына беруге міндетті.

Тағы бір ескерерлігі – уәкілетті орган мен мемлекеттік аудит және

қаржылық бақылау органдарының әрекетіне, сондай-ақ шешімдеріне де Қазақстан заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасау мүмкіндігі қарастырылған.

Сонымен бірге жаңа заңда жеткізушілердің жауапкершілігін күшейтуге айрықша мән берілген. Өйткені сот тәжірибесінде жауапсыз жеткізушілерге қатысты даулардың жиі кездескені жасырын емес. Мемлекеттік сатып алу аясында өз міндетіне алған іс пен қызметті бастағанымен, соңына жеткізе бермейтін жеткізушілер баршылық. Алдыңғы заң шеңберінде оларға тек айыппұл түрінде жауаптылық белгіленетін. Бірақ мұндай тетік жеткізушілердің жауаптылығын көтеруге айтарлықтай әсер етпегені анық. Осы жағдайларды ескере отырып, жаңа заңда жеткізушілердің жауапкершілігін арттыруға ықпал ететін пәрменді тетіктер қарастырылған. Соның ішінде сыбайлас жемқорлықпен байланысты құқық бұзушылық жасаған әлеуетті өнім берушінің, басшының немесе құрылтайшының мемлекеттік сатып алуларға қатысуына тыйым салынды. Жалақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар әлеуетті өнім берушілер де мемлекеттік сатып алуларға жіберілмейді.

Заңда отандық тауар өндірушілерді қолдауға да терең мән берілгенін айта кеткеніміз жөн. Бұл, әсіресе, ауыл, аймақ әкімдерінің тапсырысымен байланысты. Білігі мен мүмкіндігін ескермей жатып, республиканың бір өңірінен екінші өңіріндегі тапсырысқа өтінім беретіндер аз емес. Мемлекеттік сатып алу саласындағы жүйелілікті бұзатындар да солар. Жаңа заңда осы мәселелердің барлығы таразы басына салына отырып оң шешімін тапқан. Осылайша бүгінде құны 100 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) дейінгі тауарларды, 500 АЕК-ке дейінгі жұмыстар мен қызметтерді бір көзден сатып алу құқығы қарастырылып отыр. Ауыл әкімдіктері үшін мұндай тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу шегі 3000-нан 4000 АЕК-ке

дейін ұлғайтылды. Сондай-ақ төтенше жағдайлардың алдын алуға қажетті тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді бір көзден сатып алу мүмкіндігі бекітілген.

Тағы бір жаңашылдық – мемлекеттік сатып алуды өтпеді деп танудың негіздері қайта қаралды. Бұл өзгеріс рәсімдерді оңайлату және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау үшін қолға алынғаны белгілі. Айталық, бұрын тек бір әлеуетті өнім беруші қатысқан жағдайда сатып алу конкурсы өтпеді деп танылатын. Ал қазіргі кезде егер өнім берушінің біліктілік талаптары сай болса, онымен шарт жасасу көзделген.

Мемлекеттік сатып алу туралы заңда тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, сараптама комиссиясының әрекетіне, шешіміне шағым жасау тәртібі де толық көзделген. Яғни, жаңа заңның 25-бабында көрсетілгендей, жоғарыдағы тұлғалардың әрекеті мен шешімі әлеуетті өнім берушінің құқығы мен заңды мүддесін бұзған жағдайда шағым жасауға мүмкіндігі бар. Ол үшін әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алудың қорытындысы туралы хаттама орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде веб-портал арқылы шағым бере алады. Мұндай шағым берілген жағдайда, шарт жасасу мерзімі шағымды қарау мерзімі аяқталғанға дейін тоқтатыла тұрады. Тапсырыс беруші, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы үш жұмыс күні ішінде шағымды қанағаттандыру не қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды. Әлеуетті өнім беруші осы шешіммен келіспеген жағдайда, Қазақстан заңнамасына сәйкес сотқа шағым жасауға құқылы. Мұндай дауларды сотқа дейінгі реттеу тәртібімен қарау міндетті екенін де ескергеніміз жөн.

Қоғамға осындай іргелі өзгерістер әкелген «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңының тиімді тетіктері баршылық. Бұл – құжат сатып алу жүйесін жеңілдету мен модернизациялаудағы маңызды қадам. Жаңа заңнан көпшіліктің күтері көп.



Мемлекеттік тілдің болашағы біздің бүгінгі қамқорлығымыз бен қолдауымызға тікелей байланысты. Ұлттың қарым-қатынас құралына айналған, күнделікті өмірінің бір бөлшегі болған тілдің келешегі кемел. Ал өз халқы қолданудан бас тартқан, отбасы-ошақ қасының айналасынан аса алмай қалған тілдердің өлі тілдер қатарына қосылуы ғажап емес.

ТІЛГЕ ДЕГЕН ҚҰРМЕТ КЕМІМЕСІН!

Бұған әлем тарихында мысал жеткілікті. Өркениеттің ықпалында кетіп, мықты мемлекеттердің көлеңкесінен шыға алмаған елдердің өз тілінен ажырауы, өз болмысынан алыстауы тым оңай. Біздің еліміз осындай барын бағаламаған, құндылығынан қол үзген елдердің өкінішті тәжірибесінен сабақ алғаны дұрыс.

Ең бастысы, біздің мемлекеттік тілді өркендетуде, қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуде сүйенер темірқазығымыз пәрменді. Еліміздің бас құжаты – Конституцияда қазақ тілінің мемлекеттік тіл екені тайға таңба басқандай таспаланған. Сонымен бірге, «Тілдер туралы» заңда да қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі нақты бекітілген. Бүгінде қазақ тілінің ерекше статусын нығайтуға қатысты қадамдар барлық салада жасалуда. Біздің отандық сот саласы да бұл маңызды істен шет қалмаған.

Қазақстандық соттағы мемлекеттік тілдің мәртебесін нығайтуға қатысты шараларды бірнеше бағытқа бөліп қарастыруға болады. Біріншіден, республика соттарының бәрінде ғимараттың маңдайшасындағы жазуынан бастап, көрнекі жерге ілінген ақпарат, хабарлама, кеңеске дейін тек қазақ тілінде жазылған. Бұл көз үйренсе, көңіл де тез қабылдайды деген ұстанымнан туған әрекет екені даусыз.

Екіншіден, судьялардан бөлек, сот қызметкерлерінің барлығынан алдымен қазақша жөн сұрасып, келушілер түсінбеген жағдайда орыс тілінде жол көрсету талап етіледі. Сот ғимаратына келген азаматтар қазақша білмегені үшін қандай да бір қолайсыздық сезінбеуі керек. Осы мақсатта сотқа іріктелетін мамандардың мемлекеттік тілді білуі басты міндет саналады. Сонымен бірге, сот қызметкерлерінің біліктілігін көтеріп, қазақ тілінде қиналмай құжаттар дайындауына, азаматтармен тез тіл табысуына жол көрсету мақсатында түрлі дәріс, семинар, тренингтер тұрақты ұйымдастырылып тұрады.

Берік УТЕЕВ,
Ақтау қаласының мамандандырылған тергеу сотының төрағасы



САПА – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ ЖҰМЫСЫНЫҢ КӨРСЕТКІШІ

«100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асыру аясында мемлекеттік қызметшілердің жаңа Әдеп кодексі қабылданып, этикалық нормаларды бұзуға әкелетін және жемқорлық құбылыстар туындататын жағдайлардың алдын алу бойынша шаралар қарастырылған. Кодексте мемлекеттік қызметшілер ұстануы тиіс мінез-құлықтардың жалпы стандарттары мен қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлық стандарттары бекітілген.

Жалпы стандарттарға: мемлекеттік қызметшілердің өздері қабылдайтын шешімдердің заңдылығы, әділдігін және ашықтығын қамтамасыз ету, жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбау, іскерлік әдепті және ресми мінез-құлық қағидаларын сақтау жатады. Яғни мемлекеттік қызметшілер азаматтармен, ұжымда сөз сөйлеуде өзін сыпайы әрі әдепті ұстануы қажет. Халықпен өзара қарым-қатынастың негізгі көрсеткіші мемлекеттік қызмет сапасы болады.

Қазіргі таңда барлық өңірлерде Әдеп жөніндегі кеңестер жү-

мыс жасайды. Олар өз кезегінде мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын бұзуын ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарды, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдап, мемлекеттік қызмет пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы бұзу деректерін зерделеп, нақты шаралар қабылдайды.

Стандарттың екінші түрі – арнайы стандарттар. Олар қызметшілердің мінез-құлық ережелерін өзге жағдайларда: қызметтен тыс уақытта, әріптестер арасындағы қызметтік қатынастар, көпшілік



Ғалия АРТТЫҚҚЫЗЫ,
Түркістан облысы көмелетке толмағандар ісі жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының әкімшісі

алдында сөйлеумен байланысты мінез-құлық стандарттары белгілейді. Яғни, мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс уақытта да жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстануға, қоғамға жат мінез-құлық, оның ішінде қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиетін және қоғамдағы адамгершілікке нұқсан келтіретін масаң күйде болу жағдайларына жол бермеуге тиіс.



ВЕТЕРИНАРИЯ САЛАСЫНА КӨҢІЛ БӨЛІНУДЕ

Жетісу облысында 1,6 млн қой-ешкі, 500 мың ірі қара, 200 мыңнан астам жылқы бар. Олардың барлығы «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру деректер қоры» мемлекеттік ақпараттық жүйесінде тіркелген.

Соңғы жылдары өңірде ветеринария саласына көп көңіл бөлінуде. Мәселен, соңғы екі жарым жылда 49 ветеринарлық пункт пен бір ветстанция салынды. Биыл тағы 20 осындай нысан салынады деп жоспарланып отыр. Облыстық ветеринария басқармасының мәліметіне қарағанда, бірдейлендіру деректер қорында тіркелген 34 763 мал иесінің бәрі «TortTulik» мобильді қосымшасын қолданып отыр.

– Қазір ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру деректер қорының «ISZH-Mobile» мобильді қосымшасы іске қосылғаннан кейін ветеринар дәрігерлерге планшеттер сатып әперілді. Планшетпен жұмыс істеу жұмысты біршама жеңілдетті әрі жеделдетті. Малды тіркеу, профилактикалық іс-шаралар, екпе жасау бірден планшет арқылы базаға енгізіледі. Тіпті интернет ұстамайтын жерлерде планшетке енгізілген деректер интернет байланысы бар жерде тиісті базаға автоматты түрде жөнелтіледі, – дейді Талдықорған қаласының ветеринарлық станциясының ветеринар дәрігері Әйгерім Бекбосынова.

Е.КЕБЕКБАЙ
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ӨНДІРІС САЛАСЫНДАҒЫ АПАТ ҚАШАН АЗАЯДЫ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл жөнінде Мәжілістің жалпы отырысында депутат Арман Қалықов мәлімдеді. Арман Қобыландыұлы бүкіл елді дүр сілкіндірген Ұлытау облысындағы «Қазақмыс» корпорациясы кенішінде 7 кеншінің өмірін қиған қайғылы оқиғаға қатысты Үкімет басшысы Олжас Бектеновке депутаттық сауал жолдаған болатын. Бүгінде бұл жағдай Мемлекет басшысының жеке бақылауына алынып, Үкіметке төтенше жағдайдың себептерін мұқият тергеу және зардап шеккендерге көмек көрсету міндеттелгені белгілі. Іле арнайы комиссия құрылып, оқиға бойынша қылмыстық іс қозғалыпты.

Қалықов мырза бұл оқиғаның қауіпсіздік шараларының тағы да назардан тыс қалғандығынан орын алғанын нақты дәлелдермен ортаға салды. Мәселен, 2023 жылы Балқаш мыс балқыту зауыты мен Шығыс Жезқазған кенішінің №57 шахтасында монтажды мен тау-кен шебері, №2 Жезқазған байыту фабрикасында бір әйел, ал Жамбыл облысындағы «Жайсан» кенішінде екі кенші қаза тапты. Былтыр қазан айында Балқаш өңіріндегі «Саяқ-3» шахтасында көміртегі тотығының шығарылуынан тағы екі шахтер жан тапсырды. Енді, міне, айдың күннің аманында 7 адамның өмірін жалмаған тағы бір қайғылы оқиға болып отыр.

Қалықов мырзаның айтуынша, мыс өндіру кенішінде табиғи түрде болатындығы назардан тыс қалған газдың жарылу ықтималдығы туралы ақпарат ерекше алаңдаушылық туғызады. Бұл – анық қауіпсіздік ережелерінің бұзылу көрсеткіші. Ең жақсы әрі табысты кәсіпорынның бірі болып саналатын шахтада жылдар бойы еңбек қауіпсіздігінің тиісті деңгейі қамтамасыз етілмей келгендігі сұрақ туғызады. Мұндай техногенді апаттар еліміздің мұнайлы өңірлерінде, шахталарда, кен орындарында жыл сайын болып жатыр.

Бұл мемлекеттік өнеркәсіптік қауіпсіздік институттарының маңыздылығы мен қажеттілігін көрсетеді. Өкінішке қарай, осы саланы үнемі реформалау салдарынан тұтас мемлекеттік бақылау жүйесі жоғалды. Олармен бірге біліктілігі жоғары мамандар мен инспекторлардан да айрылды. Сондай-ақ он жыл бұрын өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері жөніндегі жалғыз республикалық ғылыми институт таратылып, техногендік қауіпсіздік саласындағы ғылыми-әдістемелік база да жойылған.

Халық қалаулысының өзі де, оның әріптестері де өнеркәсіп қауіпсіздігі жүйесін қайта құрудың орны толмас салдары болуы мүмкіндігін айтып, бірнеше рет депутаттық сауал жолдаған екен. Сонымен қатар депутаттар тарапынан осы саладағы бақылау мен қадағалауды күшейту бойынша заңнамалық және жүйелі тетіктер де ұсынылыпты. Бірақ Үкімет пен Ұлттық экономика министрлігі бұл маңызды заңнамалық бастаманы қолдамаған.

Қордаланған мәселелерді ескере отырып, өнеркәсіптік қауіпсіздік жүйесінде қалыптасқан жағдайға тиісті талдау жасалмай, оны одан әрі қысқарту етек алған. Мәселен, аймақтық қауіпсіздік департаменттері азаматтық қорғаумен біріктірілді. Тау-кен өнеркәсібіндегі, құрылыстағы, қауіпті өндірістердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері ТЖД-ға, яғни өрт сөндірушілер мен құтқарушыларға берілді.

Осының бәрін ортаға сала келіп, Қалықов өзінің 30 жылдан астам өндірістік тәжірибесі бар адам ретінде бұл жағдайды нонсенс және апат деп санайтынын айтты. Сонымен қатар ол Үкіметке нақты ұсыныстарын жеткізді. Олар: дербес және тікелей Премьер-Министрге есеп беретін мемлекеттік органды құрып, оған өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету функцияларын беріп, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылауды күшейту, өндірістерде жұмыс істейтін қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтандыру жүйесін жетілдіру жөнінде шаралар қабылдау, газ қауіпсіздігі жөніндегі сарапшыларды тартып, апаттың себептеріне дереу мұқият және тәуелсіз тергеу жүргізу, еңбек қауіпсіздігінің заманауи талаптарына сай тау-кен кәсіпорындарында жабдықтар мен технологияларды жаңғыртуды қаржыландыруды қамтамасыз ету шараларын жүзеге асыру қажеттігі. Адам жанын қиған апатты жағдайдан соң Үкіметтің бұл ұсыныстарды қолдап, нақты шаралар қабылдауы басы ашық мәселе болып тұр.

А.ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

МІНБЕР

Депутаттар елдегі өзекті мәселелерді үнемі Парламент мінберінен көтеріп келеді. Депутат Динара Наумова соңғы жылдары көбейіп кеткен тренингтер, шеберлік сабақтары мен семинарлар туралы айтты.

ТИКТОКТЫҢ ТӘРБИЕГЕ САЛҚЫНЫ КӨП

Расында, депутат айтқандай, мұндай қызметтерге деген жоғары сұраныс «жаттықтырушылар», «бизнес-тренерлер» және көбінесе қажетті біліктіліктері жоқ басқа да жалған мамандардың көптеп пайда болуына әкелді. Күн санап қатары өскен олар курстар мен тренингтер сатып, лезде нәтиже береміз деп уәде береді. Сарапшы мәртебесін иеленген бұл мамандардың қызметінде көбіне нақты сараптамалық негіз болмайды. Осының бәрі азаматтарды адастырып, қызмет көрсету сапасына негізді күмән тудырады және осы салаға деген сенімге нұқсан келтіреді.

Мәселенің өзектілігін азаматтардың оларға қатысты шағымдарының көбейіп бара жатқаны растайды. Тек 2024 жылдың өзінде Тұтынушылар құқықтарын қорғау комитетіне сапасыз білім беру қызметтеріне қатысты 600-ден астам арыз түсіпті. Бұл осы салаға деген сенімсіздіктің жоғары дәрежесін ғана емес, оны реттеудің нақты қажеттілігін де көрсетеді. Онда әрине, өз клиенттеріне шынайы көмектесетін білікті мамандар жұмыс істейтінін де атап өткен жөн. Дегенмен, «иллюзия жаттықтырушылары» деп аталатын әділетсіз әрекеттердің көбеюі бүкіл қызмет жүйесіне күйе жағып, оның беделіне теріс әсер етеді. Мәселе салада реттеудің жоқтығынан ұшығып тұр. Нақты стандарттар мен біліктілік талаптарының болмауы кез келген адамға өзін жаттықтырушы деп атауға мүмкіндік беріп, алаяқтыққа жағдай жасауда. Салдарынан тұтынушылар да, сапалы мамандар да зардап шегуде.

Осы жайлы айта келіп, депутат Наумова жаттықтырушыларды, коучтерді және өзгелерге білім берумен айналысатын әртүрлі мамандарды әлемдік тәжірибеге сай міндетті сертификаттау және аккредиттеу жүйесін дамыту керектігін мәлімдеді. Оның айтуынша, мұндай тетік кәсіби стандарттарға сәй-

кестікті қамтамасыз етеді және азаматтардың сенімін арттырады. Сонымен қатар барлық азаматтарға қолжетімді болатын сертификатталған мамандардың бірыңғай тізілімін құру қажет. Бұл ашықтықты және оқуды бастамас бұрын маманның біліктілігін тексеру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Жалпы отырыста көтерілген мәселенің бірі тағы да әлеуметтік желіге қатысты болды. Депутат Жанарбек Әшімжан өз сауалында өміріміздің ажырамас бөлігіне айналып бара жатқан әлеуметтік желілердің пайда-

Жасөспірімдердің ТикТоктан көргенін қайталап, жағымсыз қылық пен әдепсіз іске ұйір болып бара жатқаны да жасырын емес. Осылайша, қазіргі таңда ұрпақ тәрбиесімен тікелей әлеуметтік желілер айналысуда. Соның салдарынан ұлттық құндылықпен сусындалмаған жас ұрпақ өсіп келеді.

Осыны зерделеген әлем елдері мұндай теріс үрдістің одан әрі етек алуына жол бермеу мақсатында ТикТокқа шектеу қою немесе ондағы контентке бақылауды күшейтуді қолға алуда.

сынан гөрі зияны басым екенін ашына жеткізді. Ұлттық тәрбие мен дәстүр-салтымыздың уықтарын талқандап, ақыл тоқтатпаған, жақсы мен жаманды әлі талаң ажыратып үлгермеген балалар мен жасөспірімдерді меңдуана жегендей меңіреу әлемге бастап бара жатқан жағдайдың алдын алмасақ, опық жейтіндігімізді айтып дабыл қақты. Ол бұған нақты дәлелдер келтірді. Әшімжан мырзаның айтуынша, балалар мен жасөспірімдер арасында танымал ТикТокқа соңғы екі жылда 14,1 млн қазақстандық тіркеліпті. Бұл желінің негізгі тұтынушылары да – сол бесіктен белі шықпаған балалар мен жастар. Онда пайдалы контенттен гөрі, жастарға теріс әсер ететін зиянды ақпараттар өріп жүр. Құмар ойындарды жарнамалау, стримдер арқылы әдепсіз әрекеттер көрсету, балағат сөздер, порнография, суицид және шақыру, діни уағыздардың оңды-солды таралуы, буллинг, тыйым салынған заттардың жар-

намасы секілді теріс әрекеттерге шақыратын лас ақпараттар осы ТикТок арқылы таралуда. Жасөспірімдердің ТикТоктан көргенін қайталап, жағымсыз қылық пен әдепсіз іске ұйір болып бара жатқаны да жасырын емес. Осылайша, қазіргі таңда ұрпақ тәрбиесімен тікелей әлеуметтік желілер айналысуда. Соның салдарынан ұлттық құндылықпен сусындалмаған жас ұрпақ өсіп келеді.

Осыны зерделеген әлем елдері мұндай теріс үрдістің одан әрі етек алуына жол бермеу мақсатында ТикТокқа шектеу қою немесе ондағы контентке бақылауды күшейтуді қолға алуда. Мәселен, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан елдері ТикТок желісіне ішінара немесе толық шектеу қойды. Ал Франция үкіметі жасөспірімдердің интернетке қолжетімділігін заңнамалық деңгейде реттеді. Австралия 16 жасқа дейінгі балалардың ТикТокты қолдануын заңмен шектеді. Оған қатысты Еуропалық Одақ, Канада, Ұлыбритания, Жаңа Зеландияда

2023 жылы шешім қабылдады. Тіпті ТикТоктың атасы саналатын Қытайдың өзінде бұл платформа қолжетімді емес. Қазақстан да ТикТокқа шектеу қою мәселесін қарастыруы керек. Өйткені ТикТокты шамадан тыс қолданудың психологиялық, әлеуметтік және академиялық салдары, баланың санасы мен денсаулығына кері әсері аз емес. Тіпті, офтальмолог дәрігерлер телефонға телмірген балалардың арасында кейінгі бес жылда көз аурулары күрт көбейіп кеткенін айтады.

Сондықтан Үкімет ТикТоктағы әдепке, ұлттық құндылықтарға, дәстүріміз бен салтымызға қайшы келетін, балалардың сана-сын улайтын, теріс әдеттерге шақыратын барлық контентке шектеу қойып, елімізде ТикТокты көмелеттік жасқа толмаған балалардың пайдалануын шектеу немесе мүлдем тыйым салу тетіктерін қарастыру керек.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

АЙМАҚ-АҚПАРАТ

ӘКІМ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ЖАҢА ҚҰРАМЫМЕН КЕЗДЕСТІ



Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев өңірдегі қоғамдық кеңестің жаңадан қалыптастырылған құрамымен кездесіп, 2024 жылдың қорытындылары мен бірлескен жоспарларын талқылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап

өткендей, қоғамдық кеңестер мемлекет пен қоғам арасындағы байланысты нығайтатын маңызды құрал екенін тілге тиек еткен облыс басшысы қоғамдық кеңестің жұмысын өзекті әлеуметтік, экономикалық және қоғамдық мәселелердің айналасына шоғырландырудың маңыздылығы туралы ойын жеткізді.

– Сіздерді жергілікті атқарушы органдармен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істеуге шақырамын. Біздің тарапымыздан қоғамдық кеңестердің әлеуетін арттыру және еңбек ету үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында қажетті қолдау көрсетіледі. Мәслихат депутаттарын, қоғамдық

кеңес мүшелерін, жергілікті атқарушы органдарды – бәрімізді ортақ басты мақсат біріктіреді. Ол – Президенттің жүргізген реформаларын іске асыруды жалғастырып, құқықтық мемлекет, әділ қоғам орнату және халықтың тиек еткен облыс басшысы Сондықтан сіздермен ашық, әділ, конструктивті диалог жасай отырып, өзара тең дәрежеде қоян-қолтық жұмыс істеуіміз керек, – деген Б.Исабаев Қоғамдық кеңес мүшелеріне өткен жылдың қорытындылары мен алдағы жоспарлар жайлы қысқаша баяндап берді. Халықтың алдындағы жауапкершілікті сезіне отырып жұмыс атқарудың нәтижелі болатынына сенім білдірді.

С. ӘЙТЕНОВА
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

ТҮРҒЫНДАР ТІЛЕГІ – ТҮРАҚТЫ НАЗАРДА

Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев кезекті мәрте азаматтарды қабылдады.

Қабылдауға жазылған 16 тұрғын ерекше қажеттіліктері бар адамдарға әлеуметтік көмек көрсету, тұрғын үй бағдарламалары, суармалы жерлерді ұлғайту және тағы басқа мәселелерді көтерді.

Бірқатар өтініш иелеріне қолданыстағы заңнаманың нормалары түсіндірілді.

Қабылдау қорытындысы бойынша облыс әкімі азаматтардың мәселелерін жіті зерделеу-

дің маңыздылығына тоқталып, тиісті тұлғаларға нақты тапсырмалар берді. Қосымша уақытты қажет ететін түйткілдерді облыс әкімі жеке бақылауына алатынын жеткізді.

Еске сала кетейік, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдау алдын ала жазылу бойынша тұрақты негізде жүзеге асырылады.

Алғдай ЕРЕН
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

26 ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ

2024 жылы Абай облысында жалпы ұзындығы 467 шақырым болатын 18 жаңа сумен жабдықтау нысаны салынған болатын. Бұл 14691 адамды сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Соның нәтижесінде 2024 жылдың соңында таза ауыз сумен сумен қамтылған аймақ тұрғындары 95,3 пайызға жетті. Оған дейін бұл көрсеткіш 92,8 пайызды құрайтын.

Облыс әкімінің орынбасары Димитрий Гариговтың сөзіне қарағанда, биыл іске асырылатын 26 жоба халықты таза сумен қамтуды 100 пайызға жеткізетін болады.

Бұл жұмыстар Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде жүзеге асырылуда. Мемлекет басшысы да барлық халықты таза сумен толық қамтамасыз ету қажеттігін бірнеше мәрте көтеріп, Үкіметке нақты тапсырмалар берген болатын.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ,
АБАЙ ОБЛЫСЫ

СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ НЫСАНДАРЫ ЖАҢҒЫРТЫЛЫП ЖАТЫР



мен 14,5 км су бұру желісі салынып, қайта жаңартылды.

Мемлекет басшысының тапсырмасын толық орындау үшін 4060 адамды қамтитын 8 жобаға қосымша қаржыландыру қажет. Оның жалпы сомасы – 9,99 млрд теңге. Бұл жобалар Шемонаиха ауданының Большая Речка және Березовка, Ұлан ауданының Отрадное ауылы мен Асубұлақ кентіндегі төрт жаңа су құбырының құрылысы 2613 адамды қамтиды. Ал Катонқарағай, Үлкен Нарын және Бозанбай ауылдарындағы үш қайта жаңарту жобасы 999 адамды, Өскемен қаласындағы бір қайта жаңарту жобасы 448 адамды қамтиды. Бұл жобаларды толық қаржыландыру Мемлекет басшысының барлық тұрғындарды таза ауыз сумен қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмасын орындауға мүмкіндік береді.

Е.КЕБЕКБАЙ,
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ



ҚАРТТАРДЫҢ ҚАРЖЫСЫНА ҚАМҚОРЛЫҚПЕН ҚАРАЙЫҚ!

Біздегі зейнетақы қаржысы инфляцияны үдетуге жұмсалмау керек. Парламент Сенатында өткен «Зейнетақы активтерін басқарудың тиімділігі» тақырыбы бойынша дөңгелек үстелде сенатор Нұрлан Бекенов осылай деп мәлімдеді. Нұрлан Жексембайұлының сөзінен түйгеніміз, зейнетақы қаржысының оңды-солды пайдаланылуы инфляцияның артуына ықпал етуде.



...зейнетақы активінің қазіргі бөлінісі мен оның инвестициялық тиімділігіне қатысты мәселе бар. Әсіресе, зейнетақы қаржысын инфрақұрылымдық және аграрлық жобаларды қаржыландыруға пайдалану шаралары алаңдаушылық тудырады.

«Мәселен, оның баспана алуға жұмсалып елімізде пәтер құнының артуына белгілі деңгейде ықпал еткен сияқты. Әлемдік тәжірибеде зейнетақы қорының табыстылығын арттыру үшін оны өз елінде емес, сыртқа инвестициялайды. Оларда қаржының экономикаға пайдасынан бұрын оның иелерінің мүддесі бірінші орында тұрады. Өкінішке қарай, бізде зейнетақы қаржысына мұндай көзқарас жоқ. Кейбір жекеменшік зейнетақы қорын басқарушы ұйымдар оларды өз меншігіндегі жұмсайды. Бұл дұрыс емес. Біз зейнетақы қаржысы салымшылардың ақшасы екенін ұмытпауымыз керек. Экономиканы инвестициялауға тартылған қаржының қайтатынуына кепілдік болу керек.

Сенаттың Қаржы және бюджет комитетінің ұйымдастырумен өткен бұл басқосуда жинақтаушы зейнетақы жүйесінің қазіргі жағдайы, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық стратегиясының тиімділігін және азаматтардың мүддесін ескере отырып, зейнетақы активтерін басқару тетіктерін жетілдіру мәселелері талқыланды. Жиын тізгінін ұстаған комитет төрағасы Сұлтанбек Мәкежанов зейнетақы жинақтарын тиімді инвестициялау зейнетақы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етудегі маңызды фактор екенін атап өтті. «Зейнеткерлік жасқа дейінгі жинақталған қаражаттың жай ғана шотта сақталмай, көбейіп отыруы үшін оны тиімді инвестициялау қажет. Зейнетақы жинақтарын инвестициялаудың тиімділігі азаматтардың зейнетақымен қамсыздандырылу деңгейіне тікелей әсер етеді. Сондықтан бұл мәселе әрдайым қоғам үшін өзекті болып қала бермек», – деді ол.

Әлемде қаржыландыру қағидаттары бойынша ерекшеленетін зейнетақы жүйелерінің екі негізгі типі бар. Олар – таратушы және жинақтаушы. Таратушы жүйесіне ағымдағы салық түсімдері есебінен зейнеткерлік жасқа толған тұлғаларға тұрақты ақшалай төлемдерді жүзеге асыру жатады. Қазіргі кездегі демографиялық үрдістерге және әлеуметтік-экономикалық дамудың қарқынына сәйкес, Қазақстан азаматтардың зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін жинақтаушы қағидатына негіздеді. Бұл жүйе әрбір азаматтың зейнет жасына жеткенге дейін зейнетақы жарналарын аударуын көздейді. Аударылған қаражат жеке зейнетақы шотында жинақталып, кейіннен осы жинақтар есебінен зейнетақы төленеді. Зейнеткерлік жасқа дейінгі жинақталған қаражаттың жай ғана шотта сақталмай, көбейіп отыруы үшін оны тиімді инвестициялау қажет. Зейнетақы жинақтарын инвестициялаудың тиімділігі азаматтардың зейнетақымен қамсыздандырылу деңгейіне тікелей әсер етеді.

Жиында сөз алған Ұлттық банктің Монетарлық операциялар департаментінің директоры Нұржан Тұрсынханның айтуынша, дәл қазір зейнетақы активі 22,4 трлн теңгеге жетті. Бұл 2024 жылдың 1 қаңтарымен салыстырғанда 26 пайызға көп. 2014 жылы зейнетақы активтерін Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына (БЖЗҚ) шоғырландыру аяқталған сәттен бастап 10 жыл ішінде активтер 5 есе өскен. 2025 жылдың 1 қаңтарындағы есеп бойынша, теңгедегі портфель көлемі 13,4 трлн теңге. Бұл БЖЗҚ зейнетақы активтерінің шамамен 60 пайызына тең. Теңгелік портфель құрылымында Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары – шамамен 70 пайыз, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің облигациялары – шамамен 15 пайыз, екінші деңгейлі банктердің облигациялары – 7 пайыз. Қазір мемлекеттік бағалы қағаздар ел нарығындағы ең сенімді әрі өтімді қаржы құралы саналады. Осы жылы да зейнетақы активін мемлекеттік құнды қағаздар, квазимемлекеттік сектор мен банктердің облигацияларына инвестициялау жалғасады.

Ал, 2025 жылғы 1 қаңтардағы есеп бойынша, шетелдік валюта портфелінің көлемі – 17,2 млрд доллар немесе 9 трлн теңге. Бұл қаражат БЖЗҚ зейнетақы активінің 40 пайызына тең. Нұржан Тұрсынханның түсіндіруінше, валюталық позицияның болуы зейнетақы активтерін әртарапандыруға, инвестиция ауқымын кеңейтуге мүмкіндік береді. Қордағы валюталық актив бөлігі АҚШ қазынашылық облигациялары мен дамушы елдердің мемлекеттік құнды қағаздарына салынады.

Еңбек және әлеуметтік қорғау вице-министрі Ақмәди Сарбасовтың айтуынша, 2024 жылдың қорытындысы бойынша, жұмыс берушілер 4,7 млн жұмысскердің пайдасына 258,1 млрд теңге сомасына міндетті зейнетақы жарналарын аударды. 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) енгізілді, олар өз қызметкерлерінің пайдасына өздерінің қаражаты есебінен төленеді. 2024 жылы ЖМЗЖ мөлшерлемесі 1,5 пайыз, 2025 жылы 2,5 пайыз болды. 2028 жылға қарай мөлшерлеме 5 пайызға дейін жеткізіледі. Жұмыс берушілердің ЖМЗЖ аударуы жұмыскерлерді қартайған шағында өмір бойы қосымша жинақтаушы зейнетақы төлемімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Аталған шара қазақстандықтардың жас буынын қолдауға бағытталған, олардың зейнетақы мөлшері зейнетақы аударымдарына тікелей байланысты болады. Олардың зейнетақысы үш компоненттен құралады: мемлекеттен базалық зейнетақы, жинақтаушы – Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына өз аударымдары

есебінен және шартты-жинақтаушы – жұмыс берушілердің жарналары есебінен болады. ЖМЗЖ төлеуді жұмыс берушілер 1975 жылғы 1 қаңтардан кейін туған адамдар үшін ғана жүзеге асырады. Салық кодексіне сәйкес, ЖМЗЖ төлеу бойынша жұмыс берушінің

шығыстары салық салынатын табыстан шегерімге жатқызылғанын атап өту қажет. Тиісінше, жұмыс берушіге жұктеме қолайлы деңгейде қалады.

Депутаттар бұл айтылғандарды місе тұтпады. Олардың айтуынша, зейнетақы активінің қазіргі бөлінісі мен оның инвестициялық тиімділігіне қатысты мәселе бар. Әсіресе, зейнетақы қаржысын инфрақұрылымдық және аграрлық жобаларды қаржыландыруға пайдалану шаралары алаңдаушылық тудырады. Мәселен, «Самұрық-Қазына» мен «Бәйтерек» акционерлік қоғамдарына 1,4 триллион, ал агроөнеркәсіптік кешенге 300 млрд теңге зейнетақы қаржысы салынды. Алғашқыларына салынған ақшаның қаншалықты тиімді болары әзірге белгісіз болғанымен, ауылшаруашылығына бағытталған зейнетақы салымдарының қайтарымды болатыны үлкен күмән тудырады. Өйткені бұл салада шешімін күткен мәселе көп. Мұның сыртында мемлекет тарапынан беріліп жатқан субсидия секілді қолдау қаржыларының тиімділігі ойдағыдай болмай отыр. Сондықтан бұл салаға салынған зейнетақы қаржысының табыстылығын арттыру былай тұрсын, оның кейін қайтуының кепілдігі жоқ. Бұл жерде салымшылар мүддесі ескерілмей, тек саланы қаржыландыру мәселесі ғана назарға алынғаны анық болып тұр.

Сенатор Сұлтанбек Мәкежановтың айтуынша, жаһандық зейнетақы жүйесінің жыл сайын беретін ұсынымына сәйкес, табысы аз зейнеткерлерді қолдау, олардың салымдарының кірістілігін арттыру, зейнет жасындағы азаматтарды жұмыспен қамту мәселелері елімізде мүлде назардан тыс қалған. Зейнеткерлер жинағының жайы жоғарыдағыдай болса, оларды жұмыспен қамту мүлде төмен. Мемлекет басшысының өзі тәжірибелі адамдарға көбірек салым жасау қажеттігін үнемі тапсыратындығына қарамастан, елімізде зейнетке шыққан адамдар керексіз болып қалады. Олар өз саласындағы бай тәжірибесіне қарамастан, әрі кетсе қуәтшілік, ыдыс жуу секілді қара жұмыстарға ғана тартылады. Бұл әлемдік талаптардан бұрын, адамгершілік қағидаларына сай үрдіс емес. Тоқ етерін айтқанда, зейнеткерлер мен зейнетақы жүйесіне қатысты сындарлы саясат, оны жүзеге асыратын нақты іс-шаралар керек.

Дөңгелек үстел отырысына қатысушылар зейнетақы активтерін басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған бірқатар ұсыныстар әзірледі. Бұл ұсыныстар жан-жақты қарастыру және іске асыру үшін тиісті мемлекеттік органдарға жолданатын болады.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»



Қазақстан Республикасының саяси жүйесін реформалау аясында сот жүйесін жетілдіру жөніндегі бастамалар қарқынды жалғасын тауып келеді. Бұл реформалар еліміздің құқықтық мемлекет ретінде дамуына зор үлес қоса отырып, сот жүйесінің транспаренттілігі мен тиімділігін арттыруға бағытталады.

ДЕРБЕС КАССАЦИЯЛЫҚ СОТТАР ЖҰМЫСЫН БАСТАЙДЫ

2024 жылдың 5 шілдесінде Мемлекет басшысы «Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңға ұсынылған өзгерістер мен толықтыруларға қол қойды. Бұл заңнамалық акті Қазақстанда бұрын соңды болмаған дербес кассациялық соттардың құрылуын бекітті. Аталған қадам сот саласындағы реформалардың қажеттілігін көрсететін саяси көзқарасты растай түсті.

2025 жылдың 1 шілдесінен бастап Қазақстанда қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша мамандандырылған үш дербес кассациялық сотты іске қосу жоспарлануда.

Кассациялық соттардың құрылуы сот билігінің тәуелсіздік принципін нығайтуға бағытталған. Бұл жаңашылдық соттардың функцияларын бөлу қажеттілігін көрсетеді, сонымен қатар біртұтас сот практикасын қалыптастыру мәселесін Жоғарғы Сотқа қалдырады, ал істі қайта қарау функциясы негізінен кассациялық соттарға жүктеледі.

Кассациялық соттардың құрылуымен Жоғарғы Соттың рөлі өзгеріп, ол сот практикасының біркелкілігін қамтамасыз ету және құқық қорғау мәселелерін зерттеуге назар аударатын болады. Тікелей құқық қорғаумен аудандық және облыстық соттар, яғни бірінші және апелляциялық инстанциялар, сондай-ақ жаңадан құрылатын кассациялық соттар айналысатын болады.

Конституциялық заңға сәйкес, кассациялық соттарға істер тікелей түсіп, тараптарды шақыру арқылы қаралады. Кассациядағы

істерді қарау мерзімі алты айдан аспауы тиіс.

Конституциялық заңға енгізілген өзгерістер кассациялық соттардың өкілеттіліктерін, құрылымы мен құрамын, сондай-ақ осы соттардың судьялары мен төрағаларына қойылатын талаптарды белгілейді. Кассациялық соттардың судьялары үшін қажетті заңгерлік тәжірибе кемінде 18 жыл немесе судьялық тәжірибе кемінде сегіз жылдық қорғауы тиіс, оның ішінде облыстық соттың судьясы ретінде үш жыл жұмыс істеген болуы керек. Кассациялық соттың төрағасына судья ретінде кемінде 10 жыл жұмыс тәжірибесі, оның ішінде облыстық соттың судьясы ретінде бес жыл жұмыс тәжірибесі қажет.

Осылайша, Қазақстанда кассациялық соттарды құру құқық қорғаудың тиімділігі мен қолжетімділігін арттыруға, сондай-ақ азаматтардың сот жүйесіне деген сенімін нығайтуға ықпал етеді. Бұл реформалар тек сот жүйесінің құрылымын өзгертіп қана қоймай, сонымен қатар Мемлекет басшысының жетекшілігімен жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік басқаруды модернизациялаудың ауқымды бағдарламасының бір бөлігі.

Қазақстанның құқықтық жүйесінің дамуындағы бұл қадамдар еліміздің азаматтарына әділдік пен құқық қорғауды қамтамасыз ету мақсатында маңызды рөл атқарады.

Самал АБУГАЛИЕВА,
Атырау қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының төрағасы



ТАМЫР-ТАНЫСТЫҚҚА ТОСҚАУЫЛ КЕРЕК

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық дамуды тежеп, нарықтық экономика мен инвестициялар тарту процесін құлдыратады. Сондай-ақ саяси және қоғамдық институттарға кері әсерін тигізіп, елдің жарқын болашағына қауіп төндіреді.



Бүгінгі таңда елімізде сыбайлас жемқорлық мәселесі негізгі проблемалармен қатар тұр. Сыбайлас жемқорлық – бұл үнемі мұқият зерделеуді, жүйелі көзқарасты, кешенді және жедел қарсылықты қажет ететін қазіргі қоғамның жағымсыз құбылысы.

Елімізде сыбайлас жемқорлықтың деңгейі мен ауқымы экономикалық дамуды тежейді, инвестициялық ахуалға теріс әсер етеді және еліміздің имиджін төмендетеді. Қазіргі әлемде сыбайлас жемқорлық кез келген қоғамда, кез келген мемлекетте орын алады. Оның мүлдем жоқтығын айта алатын елдер жоқ.

Әлемнің барлық мемлекеттері сыбайлас жемқорлыққа тап болады. Сонымен қатар, қазіргі жағдайда сыбайлас жемқорлық біртіндеп мемлекетшілік проблемадан жаһандық проблемаға

айналуда. Қазір барлық елдер, соның ішінде ең озық елдер, жаңа сын-қатерлерді ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің өз үлгілерін қайта қарауда, сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілікті қатаңдату туралы жаңа заңдар мен нормаларды қабылдауда.

Біздің мемлекет сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша мақсатты жұмыс жүргізуде. Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жалпымемлекеттік мәртебе берілгендіктен, сыбайлас жемқорлық көріністерінің жолын кесу және шектеу бойынша қоғамдық және саяси күштермен бірлесіп үлкен жұмыс жүргізілуде.

Ғабит САКАУОВ,
Ақжайық аудандық соты әкімшісінің аға сот приставы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

КӨЗҚАРАС

ЖАҢА БАСТАМАЛАР САЛАНЫ ЖАҢА БИІККЕ КӨТЕРЕДІ

Сот билігі Конституциямен және Конституциялық заңдармен бекітілген, оның күші барлық ел аумағында жүзеге асырылады және барша халыққа міндетті болып табылады. Еліміздің аумағында сот билігін жүзеге асыру тек соттың ғана құзырына берілген. Сот билігі мен төрелігі «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға сәйкес жүзеге асады.

Қарапайым халыққа заң нормалары, ғылыми терминдер, арнайы мамандандырылған сөздік қорының мазмұны түсініксіз екені мәлім. Ол өз кезегінде қара халық пен сот төрелігін жүзеге асырушы органның арасындағы түсініспеушілік пен шыңырауға алып келіп, сот пен халық арасын алшақтатады.

Сот билігі – елдің біртұтастығымен, заңдылық талаптарының сақталуына, заң үстемдігінің кепілдігіне септігін тигізуші жүйе болып табылады. Демек, сот билігінің мәртебесі, оның дұрыс әрі тиімді қызмет етуі елдің дамуына тікелей әсер етеді. Елімізде сот жүйесінің қызметі – азаматтық құқықтық қарым-қатынаста дауларды шешуші, әкімшілік құқық бұзушылық және қылмыстық құқық бұзушылық институтында қоғамдық әділеттілікті реттеуші функциясын атқарады. Яғни азаматтар мен заңды тұлғалардың кез келген бұзылған құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысты дауларды қарай отырып, оған заңды баға беріп, қолданыстағы заң талаптарына сәйкес шешім қабылдайды.

Соттар шешім шығару барысында заңды басшылыққа алып, заң шеңберінен тыс әрекет жасай алмайды.

Заң ұғымы жалпыға ортақ түсінікте, дұрыс деген сөзге синоним ретінде қабылданатыны анық. Дәлірек айтқанда, заң – көпшілік мүддесі үшін қызмет ететін ережелер жиынтығы. Бұл орайда еліміздің заңдарын, сонымен қатар сол заңдарға сәйкес сот билігін де жетілдіру қажеттілігі сөзсіз. Осы ретте бірінші кезекте заң шығару саласын ғылым жолына түсіру керек. Яғни, кез келген заң жан-жақты, толық зерттеліп, оны пилоттық жоба ретінде шектеулі уақытқа бір әкімшілік аймаққа енгізіп, нәтижесіне тиісті баға берілгеннен кейін ғана қабылдау туралы түпкілікті шешім шығару қажет.

Сот жүйесіне прецеденттік құқықты енгізу – сот билігінің дамуының келесі кезеңі. Ол – заман талабына сай келетін шешімнің бірі. Себебі бүгінгі күнге қалыптасқан біркелкі сот тәжірибесін қолдану сот шешімдерінің сапасына тікелей әсер етіп, халық пен халықаралық қауымдастықтың сот билігінің бе-



Алтынгүл НАЗАРКУЛОВА,
Темір аудандық сотының
төрағасы

деліне кері пікірін қалыптастыруда.

Түйіндей келе, алдағы үш жылдықта сот билігі жүйесіне оңтайландыру мен қайта ұйымдастыруға байланысты іргелі реформалар енгізілмесе, ол сот төрелігі жүйесінің дамуының тұйықталуына алып келуі мүмкін. «Қозғалыс – тіршілік көзі» деген аталы сөзге сәйкес, кез келген құбылыс даму үдерісіне сай болуы қажет. Ол табиғат пен жаратылыс заңдылығы, сол сияқты, қоғамдағы қарым-қатынастар да үздіксіз өзгеріске, дамуға ұшырап отырады. Ал мемлекеттің іргесін қалыптастырушы жүйелер сол талаптардың алдыңғы қатарында болуға міндетті.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ПІКІР

Гендерлік теңдік мәселесі сөз бола қалса, ойымызға нәзік жанды әйелдер қауымының құқығы мен олардың орны қандай деген сұрақ келеді. Алайда гендерлік теңдіктің ауқымы бұдан әлдеқайда кең және оның саяси мәні де зор.

ГЕНДЕРЛІК АЛАЛАУ ЗАҢҒА ҚАЙШЫ

Кез келген мемлекет үшін әйел мен ер-азаматтың әлеуметтік ортадағы орнын тең ұстап, жалпы қоғамды сол қалыптан айнытпай алға жылжыту аса маңызды. Бүгінгі күнгі басым міндеттің бірі әйелдерге қатысты күш көрсету жағдайын төмендету болып табылады.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, гендерлік мәселелер көптеген елдерде мемлекеттік саясаттың басым бағыты болып табылады. Халықаралық қоғамдастық гендерлік теңдік саласындағы рейтингтерді үнемі қадағалап отырады. Сонымен бірге, ел Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы бекітілді.

Конституцияның 27-бабына сәйкес неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Ал «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодекс отбасы-неке қатынастарын реттейді. Олардың басты қағидасы – ерлі-зайыптылардың отба-

сындағы теңдігі, балалардың отбасылық тәрбиесінің басымдығы, отбасының кәмілетке толмаған және еңбекке қабілетсіз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау.

Мемлекеттік гендерлік саясаттың мақсаты қоғам өмірінің барлық салаларында ерлер мен әйелдердің тепе-тең құқықтарға, пайдаға, міндеттер мен мүмкіндіктерге қол жеткізуі, жыныс белгісі бойынша кемсітушіліктің барлық нысандары мен көріністерін еңсеру болып табылады. Бір сөзбен айтқанда, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері ерлер мен әйелдердің құқығы мен заңды мүддесін қорғау саласында нақты жетістіктерге жетті. Қазақ елінің адам құқықтары бойынша көптеген халықаралық шарттарға қосылуының өзі гендерлік саясатты бұдан әрі дұрыс жүргізудің алғышарты деуге болады.

З.ЮНУСОВА,
Мұғалжар аудандық
сотының бас маманы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

САЙЫС

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҰЛЫҚТАЛДЫ

«Қасымжанов оқулары» аясында Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдығына және бүкіләлемдік философия күніне орай «Өркениеттер сұқбаттастығындағы ұлттық құндылықтар» атты шығармашылық-танымдық командалық сайыс өткізілді.



Сайысқа философия мамандығының 4-курс студенттері белсене қатысып, өздерінің танымдық және шығармашылық қабілеттерін ортаға салды. Философия кафедрасының меңгерушісі, доцент Әсет Құранбек студенттердің танымдық сайысының ашылу салтанатында сөз сөйлеп, білімгерлерге сәттілік тіледі. Кафедра оқытушылары Д.Балабекұлы, Б.Аташ, Н.Жанысқызы сайысқа төрелік етті.

Студенттер сайысы үш турдан тұрды. Таныстыру мақсатындағы бірінші турда топтар өздеріне жеребе арқылы берілген ұлттық құндылықтарды ескере отырып, мәдени ерекшеліктерді айшықтап көрсетті. «Үй тапсырмасы» деп аталатын екінші турда үйден дайындап келген, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін әр ұлттың салт-дәстүрінен көрініс көрсетілді. Үшінші тур – интеллектуалдық сайыс, топтарға өздері насихаттаған ұлттың философиясы жайында түрлі сұрақтар қойылды.

Қазақ, жапон, үнді мәдениеті мен құндылықтары бойынша сайысқа түскен студенттер өте жақсы дайындалғанын көрсете білді.

Дода барысында қазақ, үнді, жапон ұлттарының ұлттық құндылықтарын студенттердің барынша жете зерттегенінің куәсі болды. Әр ұлттың өзіне тән құндылықтарының философиялық қырын ашуда да білім алушылар жақсы ізденген. Осылайша, ұлттық құндылықтар – болашақ ұрпақ тәрбиесіндегі басты негіз екендігін дәріптеген танымдық сабақ өз мақсатына жетті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі де ұлттық құндылықтарды дәріптеуді ұсынып, ата-бабамыздан қалған мәдени мұраны заман талабына сай жаңғыртып, әлемге танытуымыз қажет екендігін айтқан болатын. Осы орайда ҚазҰУ студенттері де ұлттық құндылықтарды дәріптеудің өзіндік үлгісін көрсетіп, өзге ұлттардың құндылықтарымен салыстыра отырып игі дәстүрлеріміздің жоғары бағасына көзімізді жеткізді.

Кеш соңында алғыр студенттер марапатталды.

Г.СЕМБАЕВА,
Ж.КАЗИЕВА,
ҚазҰУ-дың аға оқытушылары

ТРЕНИНГ

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ САЛДАРЫ АУЫР

Кәмілетке толмағандар арасында құқық-бұзушылықтың алдын алу мақсатында полиция қызметкерлері әлеуметтік қызметтер және психологтармен бірлесіп, мектептерде, сондай-ақ жастар көп жиналатын көшелерде бірқатар дәрістер мен тренингтер ұйымдастырды.

Жасөспірімдер жауапкершілігі, буллингке қарсы күрес, топтық төбелестер мен есірткіге байланысты қылмыстардың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары полицияның ұдайы бақылауында. Полициялар заң талаптарын сақтаудың маңызын ерекше атап өтіп, құқық бұзушылықтың салдары қандай болатынын түсіндірді. Сондай-ақ тәртіп сақшылары мектептердің маңайындағы және қоғамдық орындардағы жағдайды бақылап, құқық бұзушылықтарға әкелуі мүмкін факторларды анықтады.

Тек бір аптаның ішінде полиция қызметкерлері 461 әкімшілік құқық бұзушылықты анықтады. Оның ішінде, 24 жағдайда ата-аналардың өз міндеттерін тиісінше орындамауы, кәмілетке толмағандардың ойын-сауық орындарында жүруінің 21, ұсақ бұзақылықтың 7 дерегі, жасөспірімдердің түнгі уақытта тұрғын үйден тыс жерде болуының 225 жағдайы тіркелді.

– Алдын алу шаралары жасөспірімдердің күнделікті мінез-құлқына оң әсерін тигізіп қана қоймай, қоғамда өсіп келе жатқан ұрпақ үшін қауіпсіз орта қалыптастырады. Біздің басты мақсатымыз – балалар мен жасөспірімдерге қауіпсіз және қолдау көрсетілетін ортада дамуға мүмкіндік беру, – деп атап өтті Жамбыл облысы ПД ЖПҚБ ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы Әлішер Қалышев.

Аружан МАУЛЕНБАЙ

РЕЙД

ТӘРТІП ОРТАҚ

Талдықорған қалалық полиция басқармасының қызметкерлері демалыс күндері саяжай алаптарында жедел-профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырды. Шараның негізгі мақсаты – жедел жағдайды тұрақтандыру, қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу.

Рейд барысында түрлі сипаттағы 231 әкімшілік құқық бұзушылық анықталды. Полициялар кәмілетке толмағандардың түнгі уақытта ата-анасыз жүруіне, жол қозғалысы ережелерінің сақталуына және қоғам-

дық тәртіпті бұзуға «мүлдем төзбеушілік» қағидатын қатаң ұстанды.

Тексеру нәтижесінде:

- 5 жасөспірім полиция басқармасына жеткізілді,
- 14 азамат қоғамдық орында мас

күйде жүргені үшін медициналық айықтырғышқа жатқызылды,

• 5 автокөлік арнайы айыппұл тұрағына қойылды.

Құқық қорғау органдары қала аумағындағы қоғамдық тәртіпті сақтау мақсатында рейдтік жұмыстарды жалғастыруда. Полиция тұрғындарды заң талаптарын қатаң сақтауға шақырады және құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін профилактикалық шараларды тұрақты түрде жүргізетінін ескертеді.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ



ЖАЛҒАН ХАБАРЛАМА ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ БАР

2024 жылы ішкі істер органдары әртүрлі нысандарда жарыялығш құрылғылар орнатылғаны туралы көрінеу жалған хабарламалар бойынша 247 қылмыстық іс тіркеді. «Жалған терроризм» фактілері үшін 48 күдікті ұсталды, олардың 15-і кәмілетке толмағандар. Қазіргі уақытта қылмыстық жауапкершілікке 13 адам, оның ішінде бір жасөспірім тартылды.

– Егер жалған хабарламаларды жіберуші қылмыстық жауапкершілік жасына жетпеген жағдайда, оның атанасы балаларын дұрыс тәрбиелемегені үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Былтыр мұндай шаралар

6 адамға қолданылды. Сонымен қатар қылмыскерге сот шешімімен жалған шақырту салдарынан объектінің иесіне немесе мемлекетке келтірілген залалды өтеу туралы талап-арыз қойылады. Залал мөлшері екі миллион теңгеге дейін жетуі мүмкін.

Терроризм актісіне дайындық туралы көрінеу жалған хабарлама бергені үшін 5 мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл, сондай-ақ 5 жылға дейін бостандықты шектеу немесе бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған, – деді ІІМ экстремизмге қарсы іс-қимыл департаменті басқарма бастығының орынбасары Алмас Талқанбаев.

Самал АСҚАР

ДӘРІС

КРИМИНАЛИСТІҢ ҚЫЗМЕТІ ҚЫЗЫҚТЫ

Талдықорған қаласындағы №13 мектепте полиция қызметкерлері мектеп оқушыларына криминалистика саласына арналған қызықты лекция өткізді. Олар заманауи сот сараптамасы әдістерінің қылмыстарды ашуға қалай көмектесетінін айтып, кез келген адам, тіпті өзі байқамай, айналасына ұсақ іздер қалдыратынын түсіндірді.

Мамандар өз тәжірибелерінен алынған мысалдармен бөлісіп, әртүрлі сараптама түрлерінің көмегімен айғақтарды қалай табуға, қылмыскердің жеке басын анықтауға және оқиғалардың өрбін қалпына келтіруге болатынын көрсетті. Лекция оқушылардың үлкен қызығушылығын тудырып, көпшілігін криминалистік мамандығының қыр-сырын тануға көмектесті.

Осындай іс-шаралар балаларға құқық қорғау органдарының жұмысын жақсырақ түсінуге және заң қызметіне бет бұруға көмектеседі.

Е.КЕБЕКБАЙ

